

**Бәйдібек ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 мамырдағы № 12/68 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 11 маусымда № 2308 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 қаңтардағы № 11 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 20.01.2014 № 11 хатымен).**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Бәйдібек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бәйдібек ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы:*

*Э.Болатбеков*

*Мәслихат хатшысы:*

*С.Спабеков*